



Украинада тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Украина азаматтарының азаматтық алуының және оны тоқтатуының оңайлатылған тәртібі және азаматтықтың болмауы мен қос азаматтық жағдайларын boldырмау туралы Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 16 наурыз N 165-II

Киевте 2000 жылғы 19 мамырда жасалған Украинада тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Украина азаматтарының азаматтық алуының және тоқтатуының оңайлатылған тәртібі және азаматтықтың болмауы мен қос азаматтық жағдайларын boldырмау туралы Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Украинада тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Украина азаматтарының азаматтық алуының және тоқтатуының жеңілдетілген тәртібі және азаматтықтың болмауы мен қос азаматтық жағдайларын boldырмау туралы Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы  
**КЕЛІСІМ\***

\*(2001 жылғы 8 шілдеде күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2002 ж., N 1, 15-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Украина,

өз азаматтарына адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге

қатысты тарихи, дәстүрлі достық байланыстарды сақтауға және нығайтуға еki  
ел халықтарының ұмтылыстарынан шыға отырып,

екінші Тараптың азаматтарына жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алуға  
мүмкіндік беруді, ал өз азаматтарына жеңілдетілген тәртіппен азаматтығын  
тоқтатуға мүмкіндік беруді қалай отырып,

азаматтықтың болмауы мен қос азаматтық жағдайларын болдырмауға ұмтыла  
отырып,

төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

Әрбір Тарап мынадай шарттардың бірі болған жағдайда:

а) егер өтініш беруші тұрған мерзіміне қарамастан азаматтық алатын екінші  
Тараптың аумағында занды негізде тұрақты тұрып жатса;

б) егер өтініш беруші немесе оның ата-анасының (асырап алушыларының) бірі,  
атасы немесе әжесі азаматтық алатын Тараптың аумағында туса немесе занды негізде  
тұрақты тұрған болса немесе өтініш берушінің азаматтық алатын Тараптың аумағында  
 занды негізде тұрақты тұрып жатқан және оның азаматы болып табылатын ең болмаса  
 бір жақын туысқаны: ері (зайыбы), ата-анасының (асырап алушыларының) бірі, баласы  
(оның ішінде асырап алғаны), апасы-қарындасы, ағасы-інісі, атасы немесе әжесі,  
немересі (немере қызы) болған жағдайда өз аумағында занды негізде тұрақты тұрып  
жатқан екінші Тараптың азаматтарына азаматтық алудың жеңілдетілген тәртібін, ал  
екінші Тараптың аумағында занды негізде тұрақты тұрып жатқан өз азаматтарына  
азаматтығын тоқтатудың жеңілдетілген тәртібін береді.

Өтініш беруші бір Тараптың азаматтығын алумен қатар екінші Тараптың

азаматтығын тоқтату туралы өтініш береді.

Осы бап ережелерінің қолданысы:

1) адамзатқа қарсы қылмыс жасаған немесе геноцидті жүзеге асырган не  
мемлекетке қарсы қылмыс жасаған немесе жеке тұлғаға қарсы ауыр қылмыс  
жасаған;

2) сотталғандығы алып тасталғанға дейін бас еркінен айыруға  
сотталған;

- 3) тергеуде жүрген немесе жазадан қашып жүрген не Тараптардың бірінің немесе үшінші мемлекеттің аумағында қылмыс жасаған;
- 4) басқа мемлекеттің азаматтығын алған адамдарға таралмайды.

## 2-бап

Осы Келісімнің 1-бабының бірінші бөлімінде көрсетілген адамдар бір Тараптың азаматтығын алу және екінші Тараптың азаматтығын тоқтату үшін тұрақты тұрғылықты жері бойынша азаматтық алатын өзге Тараптың құзыретті органдарына:

Тараптардың құзыретті органдарымен келісілген нысандағы өтініші;  
үш фотосурет;  
осы Келісімнің 1-бабында көзделген шарттардың бірінің бар екендігін растайтын құжат;  
азаматтық алатын Тараптың аумағында занды негізде тұрақты тұратындығын растайтын құжат;

әскери міндеттін атқарғандығын немесе әскери міндеттен босатылғандығын растайтын құжат (әскерге шақырылатын жастағы тұлғага қатысты) тапсырады.

Азаматтық алатын Тараптың құзыретті органдары Тараптардың бірінің азаматтығын алуды көрсетілген құжаттар тапсырылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзім ішінде ресімдейді.

Азаматтық алатын Тараптың құзыретті органдары осы Келісімнің 1-бабының үшінші бөлімінде қамтылған жағдайлар орын алатын болса өтініш берушіге азаматтық алуды ресімдеуден бас тартады.

Тұлғаның жаңа азаматтық алғандығын ресімдегеннен кейін азаматтық алған Тараптың құзыретті органдары он күннің ішінде тұлғага алған азаматтығын растайтын құжат береді, тоқтатылған азаматтығын растайтын құжатты алып, оны азаматтық алғандығын ресімдеген факті туралы хабармен бірге, оның күнін көрсетіп, дипломаттық арналар бойынша азаматтығы тоқтатылған Тарапқа жібереді.

Тұлғаның жаңа азаматтық алғандығын ресімдеу туралы хабар алынғаннан азаматтықты тоқтататын Тарап екі айдың ішінде азаматтықтың тоқтатылғандығын ресімдейді және бұл туралы азаматтық алынған Тарапқа хабарлайды.

Тараптың бірінің азаматтығы алынғандығы ресімдеген күн екінші Тараптың азаматтығы тоқтатылған күн болып табылады.

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген тұлғаларды осы Келісімге сәйкес, Тараптардың азаматтығын тоқтатуына және алуына байланысты барлық міндетті алымдар мен баждарды төлеуден босатады.

### 3-бап

Ата-аналарының азаматтықтары өзгеріп, нәтижесінде екеуі де бір Тараптың азаматтығын алған және екінші Тараптың азаматтығын тоқтатқан жағдайда, соған сәйкес олардың кәмелеттік жасқа толмаған (он сегіз жасқа дейінгі) балаларының да азаматтықтары өзгереді.

Ата-аналарының бірі бір Тараптың азаматы болып табылатын, ал ата-аналарының екіншісі басқа Тараптың азаматтығын алған кәмелеттік жасқа толмаған балалардың азаматтықтары ата-аналардың осы Келісімнің 2-бабына сәйкес тапсырылатын өтініштерінде көрсетілетін келісімдерімен анықталады.

Егер ата-аналар кәмелеттік жасқа толмаған балалардың азаматтығын өзгерту жөнінен келісімге келмеген жағдайда, бала ата-анасы тұрақты тұрып жатқан Тараптың азаматы болып табылады.

Ата-аналары бөлек тұратын кәмелеттік жасқа толмаған балалар, егер ата-аналары арасында бұл туралы басқа келісім болмаған жағдайда, өздері тәрбиесінде жүрген ата-ананың бірінің азаматтығын сақтайды.

Ата-аналық құқықтарынан айрылған ата-аналар азаматтықтарын өзгерткен

жағдайда кәмелеттік жасқа толмаған балалардың азаматтықтары өзгермейді. Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың азаматтықтарын өзгертуге ата-аналық құқықтарынан айрылған ата-аналардың келісімдері қажет болмайды.

### 4-бап

Осы Келісіммен реттелмеген мәселелер Тараптардың ішкі зандарымен реттеледі.

Егер Тараптардың ішкі зандары осы Келісімнің 1-бабының бірінші бөлімінде көрсетілген тұлғалар үшін азаматтық алуға неғұрлым жеңілдік жағдайлар белгілесе, онда мұндай жағдайда Тараптардың ішкі зандары қолданылады.

### 5-бап

Осы Келісімнің ережелерінің түсіндірілуіне немесе қолданылуына байланысты мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар немесе нота алмасу жолымен шешіледі.

6-бап

Осы Келісім бекітілуге жатады және Тараптар бекіту грамоталарын алмасқан күннен бастап отызыншы күні құшіне енеді.

7-бап

Осы Келісім ол құшіне енген күннен бастап бес жылдың ішінде қолданыста болады және егер Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтатқысы келетін ниеті туралы кезекті мерзімнің сонына дейінгі алты айдың ішінде жазбаша түрде екінші Тарапқа хабарламаса, өздігінен келесі

бес жылдық мерзімге ұзартылады.

Киев қаласында 2000 жылғы 19 мамырда әрқайсысы қазак, украин және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және барлық мәтіндердің қүштері бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы  
үшін

Украина

үшін

Мамандар:  
Қасымбеков Б.А.  
Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК